

**1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік аяндарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 695 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік аяндарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік аяндарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік б е р і л с і н .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N 1158 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік аяндарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. 3-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Полигон - жер учаскелерін және оларда орналасқан мүлікті қамтитын біртұтас к е ш е н .

Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігі үшін ставка - Полигонның жалға берілген жер учаскелерінің, оның ішінде оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің аудан (гектар) бірлігін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы 2,33 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленеді."

2. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Шарттың 3-бабында белгіленген полигондарды жалдау объектісінің бір бірлігіне ставканы негізге ала отырып есептелген Полигонды пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 4,454 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды. Бұл ретте жалдау ақысының көрсетілген мөлшері Шартқа қол қойылған күні болған немесе Қазақстан Республикасының аумағында осы күннен кейін енгізілген және Полигонды жалдауға қатысты салықтардың, комиссиялардың, алымдардың және өзге де төлемдердің барлық түрін ескереді.

Полигонның жалға берілетін жер учаскелерінің, сондай-ақ оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің құрамы өзгерген жағдайда, жалдау ақысы Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігіне белгіленген ставканы ескере отырып, жер учаскелерінің жалға берілетін ауданының өзгеруіне т е п е - т е ң өзгереді.

Жалдау ақысының өзгеруін Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімдейтін болады."

3. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарттың 4-бабында белгіленген жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап еркін айырбасталымды валютада (АҚШ доллары) жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Жалдау төлемдерін аудару жыл сайын әрқайсысы екі тең бөлікпен жылдың екінші және төртінші тоқсанының соңғы айының 5 күніне дейін жүзеге асырылады.

Төлем алушы және (немесе) оның қаржы деректемелері өзгерген жағдайда Қазақстан Тарабы кезекті төлем мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне бұл туралы хабарлауы міндетті."

Осы Хаттама ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар

мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер ж о л ы м е н ш е ш і л е т і н б о л а д ы .

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапқа келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей ж а з б а ш а т ү р д е х а б а р л а й д ы .

Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1996 жылғы 18 қазанда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

200\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ** **РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ**  
**ҮШІН** **ҮШІН**